Бекітемін
Бир

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы: «Болашақ» МҰД
Топ: *кіші топ*
Балалардың жасы- *2 жас*
Жоспардың құрылу кезеңі *12-16.02.2024*

| **Күн тәртібінің үлгісі** | *Дүйсенбі 12.02.24* | *Сейсенбі 13.02.24* | *Сәрсенбі 14.02.24* | *Бейсенбі 15.02.24* | *Жұма 16.02.24* |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен карсы алу және оларға колайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| Ата аналармен әңгімелесу кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгеріп алып келулерін ескерту. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Үстел үсті ойыны: «Қуыршақты киіндір» Киімдерді жыл мезгіліне сай таңдай білу. Әлеуметтік дағдылар** | Құрылыс ойындары: «Менің саябағым» Құрылыс материалдарынан серуендейтін саябағын құрастыра білу.<br><br>Шығармашылық дағдылар | «Біз шынығамыз» Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз Міне, біздер қандаймыз! Коммуникативтік дағдылар | Саусақ ойыны «Жаттығамыз» Қуыр,қуыр, қуырмаш Балапанға бидай шаш Қуыр,қуыр, қуырмаш Әжең келсе есік аш. | «Тазалық-денсаулық кепілі» Таза бала мұнтаздай Сүйсінеді қараған Ұқыпты деп бұл қандай Жақсы көрер бар адам<br><br>(көркем әдебиет) |
| Таңертеңгі жаттығу | Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (жалпы дамытушы жаттығулар, кимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы ас | Балаларды беті мен қолын жууға, таңғы аска отыруға бейімдеу; тамактану мәдениетіме машыктандыру; касыкты колда дұрыс ұстауды көрсету; тамактанғаннан кейін бет пен колды жууға дағдыландыру. | | | | |
| Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындык | Әшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын калыптастыру. Өз бойынша мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылык ойлауды дамыту. Жаймадағы дайын пішіндерге жағу, желім калдыктарын жою үшін майлыкты пайдалану дағдыларын калыптастыру. Шығармашылык дағдылар. | | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет | Қарапайым би кимылдарын орындау: колдың білектерін айналдыру,шапалактау,және аякты тырсылдату,жүрелеп отыру,аяктарын козғау,айналу; денені оңға, солға ию,колдарды сермеу және т.б **(Музыка)**<br><br>Кеңістікті бағдарлау «Орнын тауып бер» Сұрақ-жауап. Аңдарды орналастыру.<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Оң жакта тұрған алақанды көк,сол жакта тұрған алақанды қызыл түске бояу<br>**(сурет салу)**<br><br>Суретке кара<br>Заттардың кеңістікте қалай орналасып тұрғанын айт.<br>**(коршаған ортамен танысу)** | Бір катармен сапта жүру, бір катармен сапта жүгіру, тізелерін жоғары көтеріп жүру.<br>**Қатарға сапка тұрып доптармен ЖДЖ жасау.**<br>Шынтағын бүкпеуге, еңкейгенде тізесін бүкпеуге назар аудартады.<br>**Негізгі кимылдарды орындау:**<br>**Допты екі колмен кеуде тұсынан лактыру** – бүгілген шынтақтарын жылдам жазып колды созу, допты лактырғанда бағытына дұрыс траектория беру.<br>Берілген белгі бойынша | **Доға астынан еңбектеу** (биіктігі –40 см) – өтер кезде топтасу, бір-біріне кедергі жасамау.<br>**Қимыл-козғалыс ойыны:** «Секір де – шапалак ұр».<br>Қимылдарды өзгерту үшін сапка белгі береді.<br>**Негізгі кимылдары:**<br>доға астынан еңбектеу(биіктігі – 40 см). Допты екі колмен кеуде тұсынан лактыру.<br>**(Дене шыныктыру)**<br><br>Суретке мұкият кара Үстелдің астында не тұр? | Үстінде деген ұғымды калай түсінесін?<br>Суретке мұкият кара,үкінің кеңістікте орналасу бағытын калай түсіндір.<br>Коянның кеңістікте орналасу бағыттарын ата.<br>**(сенсорика)**<br><br>Суретке мұкият кара.<br>Сол жакта үстінде кандай сурет бар?<br>Сол жак астында және оң жак астында кандай сурет тұр?<br>Беттің тура ортасында ше?<br>**(коршаған ортамен танысу,сенсорика)** | **Тыныс алу жаттығулары:**<br>**«Құткару дөңгелегін үрлейік»**<br>Балаларға саяхат кезінде кандай болғандары туралы айтып беруұсынылады<br>**Негізгі кимылдары:**<br>жолмен сүйеу кадам жасап жүру. Бірнеше сызыктан екі аякпен секіру. **(Дене шыныктыру)**<br><br>Суретке мұкият кара<br>Кітап кеңістікте калай орналаскан ?<br><br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Суретке кара. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жоғары –төмен,<br>Астында-үстінде<br>Ұғымын түсіндіру.<br>«Доптар бізде конакта»<br>**(сенсорика)** | орындалатын жаттығудың реті – сапқа тұру, алғашқы қалыпты сақтау, допты лақтыру, доптыңсоңынан жүгіру, қатардың қасына келіп тұру.<br>**(Дене шынықтыру)**<br><br>Ертеде – Айша,Әлия және Әнел деген үш қыз өмір сүріпті.<br>Айша-ең ұзыны, Әлия-оң жақта тұр, Әнел сол жақта тұр.<br>Қыздардың қайсысының бойы қысқа?<br>Ең ұзын қыздың аты кім?<br>Айшадан қысқа қыздың аты кім?<br>**(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Заттардың кеңістікте орналасу реттілігі мен атын атау.<br>**(Қоршаған** | Үстінде не тұр?<br>Үстелдің оң және сол жағында не тұр? Суретті боя<br>**(сөйлеуді дамыту, сурет салу)**<br><br>Ал қай суретте жақын тұр?<br>Қай суретте жылқы алыс тұр?<br>Қай суретте жылқы жақын тұр?<br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>Суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беру қабілеттерін дамыту.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Жаймадағы дайын пішіндерге желім жағу.<br>Желім | | Прирамида кеңістікте қалай орналасқан?<br>Қорапшаның ішіндегі және артындағы пирамиданы боя<br>**(сенсорика, сурет салу)**<br><br>Саусаққа арналған жаттығу:<br>Шарты:<br>Балалардың алдында жіп және макарондар беріледі,<br>Балалар жіпке макарондарды тізіп шығуы кажет.<br><br>Үсті толы ине,<br>Бірақ та іс тігіп<br>Қадамдайды түйме<br>Жұмбақ жауабы кірпі. Кірпінің үстінде не бар?<br>**(көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **ортамен танысу)**<br><br>Алақанды соғайық.<br>Оң жақтағы балаға,<br>Шапалақты соғайық,<br>Сол жақтағы балаға.<br>**(көркем әдебиет)** | қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалану дағдыларын қалыптастыру.<br>**(жапсыру)** | | |
| Серуенге дайындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуен | **Картотека** | **Картотека** | **Картотека** | **Картотека** | **Картотека** |
| Серуеннен оралу | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| Түскі ас | Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту., орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындыққа тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени –гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті.) | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Белгілі іс-әрекеттерді орындау арқылы (дәретханаға бару, жуыну, киімдерді бүктеу) ұйқыға өз бетінше дайындалу дағдыларын қалыптастыру.<br>Ұйқыға дайындалу.<br>Жастыққа басыңды қоя ғой,<br>Тәп-тәтті ұйқыға бата ғой. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| Бесін ас | Тамақты асықпай шайнап, шашпай-төкпей жеуге тәрбиелеу. Ұқыптылық дағдыларын қалыптастыру. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, | «Кім жылдам?»<br>Таяқшалардан геометриялық пішіндер құрастыра білу.<br>Сипаттап айту. | Суретке қарап, қыз баланың оң қолына себетті, сол қолына гүлді сызықпен қос. | Суреттерді көріп тұрсың ?<br>**(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** | Себеттің сыртында және ішінде отырған мысықты боя.<br>**(сурет салу)** | Ак қағаздағы кірпінің үстіне ермекзады орналастыр<br>**( жапсыру, мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы баска әрекеттер) | **(құрастыру)**<br><br>Балалардын калауы ескерілетін шығармашылык дағдылар бойынша жұмыстар.<br>Әшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын калыптастыру.<br>Өз ойынан мүсін құрау.<br>Ересектін көмегімен шығармашылык ойлауды дамыту. | Ұл баланың сол колына шелекті оң колына жалаушаны сызыкпен кос.<br>**(сенсорика)**<br><br>Оң жакта тұрған пішіндерді кызыл түске, сол жактағы пішіндерді көк түске боя.<br>Ортасында тұрған пішіндерді сары түске боя.<br>**(сурет салу)**<br><br>Қағазды бүктеу,жырту, шиыршыктау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіру.<br>**(құрастыру)**<br><br>Өз ойынан мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылык ойлауды дамыту.<br>**(мүсіндеу)** | Сюжеттік сурет салу.<br>Ойлау бойынша сурет салу.<br>**(сурет салу)** | Ак қағаздағы мысыктың үстіне ермекзады орналастыр<br>**( жапсыру, мүсіндеу)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | **Кеңістікті бағдарлау жайлы сұрау.** | **Киіз үй жайлы әңгіме** | Түстерді сұрау | Тілдік жаттығу жасату | **Мақал үйрету** |
| Балалардың үйге қайтуы | Баланың суықтап қалудан сақтандыру кеңес. | | | | |